1. Полное наименование неправительственной организации:

Общественный фонд «Риза-Ана»

2. Фамилия, имя, отчество (при наличии) руководителя неправительственной организации:

Рамазанова Бибигуль Дуйсегалиевна.

3. Юридический адрес, контактный телефон:

Тупкараганский район, село Баутино, №47, 8729224257

4. Наименование социального проекта, социальной программы в рамках реализации гранта (сфера):

«Формирование активной гражданской позиции среди рабочей молодежи»

5. Период реализации социального проекта, социальной программы в рамках гранта

август-декабрь 2022 год

6. Общая сумма средств, выделенная на реализацию гранта:

13 128 328 тенге

Сведения о социальном проекте, реализованном в рамках гранта

Название социального проекта: «Формирование активной гражданской позиции среди рабочей молодежи».

1. Общая информация по всем мероприятиям социального проекта, социальной программы с приведением количественных показателей (дата, место, тема и форма мероприятия, количество участников, полнота выполнения запланированных мероприятий):

№	дата	место	тема	Форма мероприятия	Полнота выполнения
1	24.08.22	Өзенмұнайгаз	Ознакомление с проектом	Встреча с 25 рабочей молодежью	100 %
2	25.08.22	Маңғыстаумұнайгаз	Ознакомление с проектом	Встреча с 25 рабочей молодежью	100 %
3	26.08.22	Каражанбасмунай	Ознакомление с проектом	Встреча с 25 рабочей молодежью	100 %
4	29.08.22	Шеркала-Айрақты	Тур слет	25 человек	100 %
5	04.09.22	Шакпак-ата-Капамсай	Тур слет	25 человек	100 %
6	08.09.22	Город Жанаозен	Дебат среди рабочей молодежи «Трудовой спор»	8 человек	100 %
7	14.09.22	Город Актау	Дебат среди госслужащих	8 человек	100 %
9	17.09.22	База отдыха Сая	тимбилдинг	25 человек	100 %
10	21.09.22	Город Актау	Дебат среди студентов	8 человек	100 %
11	24.09.22	База отдыха Сая	тимбилдинг	25 человек	100 %
12	03.10.22	Маңғыстаумұнайгаз	Встреча с Санжар Керімбай	100 человек	100 %
13	04.10.22	Өзенмұнайгаз	Встреча с Санжар Керімбай	100 человек	100 %
14	05.10.22 10:00 ч	Актау, учителя	Встреча с Санжар Керімбай	100 человек	100 %
15	05.10.22 15:00 ч	Актау, КМБ	Встреча с Санжар Керімбай	100 человек	100 %
16	08.10.22	Бейнеу ауданы	Встреча с	100 человек	100 %

	10:00 ч		Айнахан Есетовой		
17	14.11.22	Актау, Мангистаумунайгаз	Тренинг Шолпан Тусипбековой	25 человек	100 %
18	15.11.22	Актау, Каражанбасмунай	Тренинг Шолпан Тусипбековой	25 человек	100 %
	16.11.22	Жанаозен, Озенмунайгаз	Тренинг Шолпан Тусипбековой	25 человек	100 %
19	17.11.22	Жанаозен, Озенмунайгаз	Заключительная встреча с рабочей молодежью	20 человек	100 %
20	07.12.22	Актау	Конкурс «Үздік өнеркәсіптік маман-2022»	21 участников	100 %
21	08.12.22 10:00 ч	Актау, Мангистаумунайгаз	Заключительная встреча с рабочей молодежью	20 человек	100 %
22	08.12.22 14:00 ч	Актау, Каражанбасмунай	Заключительная встреча с рабочей молодежью	20 человек	100 %

1) Достижение цели социального проекта, социальной программы и полученные результаты:

Проект был нацелен на повышение гражданской инициативы рабочей молодежи именно в нефтяной отрасли. Участникам нашего проекта понравились проведенные мероприятия.

2) Достижение цели (*описание фактов и указание аргументов о достижении цели*): **см таблицу**;

3) Соответствие запланированных результатов полученным результатам, а также обоснование отклонений от плана, если таковые имеются: полученные результаты соответствуют запланированным;

4) Измерение социальных и других изменений, произошедших по окончании и/или в течение реализации социального проекта, социальной программы (*сравнить до проектную ситуацию и ситуацию на момент завершения проекта, степень решения проблем и задач в рамках проекта*): Перед началом самого проекта и перед каждым мероприятием, проводилось анкетирование. В соответствии с анкетированием готовился отчет и анализ как было до и после мероприятия. И показатели значительно изменились в сторону улучшения.

2. Результаты проекта:

1) конкретные результаты, полученные в ходе реализации проекта указанными целевыми группами (*с указанием количественных показателей, описанием качественных сдвигов*):

1) конкретные результаты, полученные в ходе реализации проекта указанными целевыми группами (*с указанием количественных показателей, описанием качественных сдвигов*):

Все количественные показатели в ходе реализации проекта достигнуты. Уровень удовлетворенности 100 %. **см.таблицу**

2) долговременное влияние проекта на решаемую в ходе его реализации проблему (*обоснование прогнозируемых позитивных/негативных изменений в той или иной сфере, вызванных проектом*): **см.таблицу**

3) социально-экономический эффект реализованного проекта: эффективность конкретного проекта с точки зрения интересов самого общества отражают показатели социальной эффективности: Создан совета рабочей молодежи в промышленных компаниях. Проведены заседания Совета рабочей молодежи. Организован и проведен тур-слет для рабочей молодежи региона, направленный на пропаганду национальных ценностей на самых выдающихся местах Мангистауской области. Организованы встречи с представителями интеллигенции страны. Организованы дискуссионные площадки на разные социальные темы в формате дебатов. Проведены тимбилдинги. Организованы двухдневные тренинги по личностному развитию, конкурс среди молодых работников промышленных, нефтяных организаций.

**Статистическая информация
в разрезе участников социального проекта**

Гендерный показатель												
<i>Количество участников проекта всего</i>						<i>Мужчин</i>				<i>Женщин</i>		
855						400				455		
Социальный статус по категориям												
Количество участников проекта всего	Дети	в том числе дети с инвалидностью	Молодежь	Гос. служащие	Работники бюджетных организаций	Лица с инвалидностью	Люди старшего возраста (от 50 лет и старше)	<i>В том числе</i>				
								Безработные	Представители общественных организаций	Представители бизнес-сектора	Другие категории	
855	0	0	55	100	100	0	100	100	255	100	95	
возрастной показатель:												
Количество участников проекта всего					13-16 лет	17-22 года	23-27 лет	28-32 года	33-45 лет	46-58 лет	59 лет и выше	
					10	45	150	160	215	100	25	

Үкіметтік емес ұйым туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі.

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Мағдатов Наурызбек Серікұлы.

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Қазақстан Республикасы, 130500 Маңғыстау облысы, Форт-Шевченко қаласы, Е,Өмірбаев 34.

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар әлеуметтік жобасы.

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

Тамыз 2022 жыл – Желтоқсан 2022 жыл.

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 24 754 000 теңге.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар туралы мәліметтер

Әлеуметтік жобаның атауы: Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттар әлеуметтік жобасы.

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

– 2022 жыл тамыз айында – облыстық жобалық кеңсенің қызметін құру, ұйымдастыру және жоба командасын жасақтау, толық орындалды

– 2022 жыл тамыз айында Колл - орталығы мен кері байланыс және проблемаларды шешу механизмінің жұмысын жасақтау, толық орындалды;

– 23 тамыз 2022-Шағын Гранттар конкурсы туралы брифинг, 4 спикер, толық орындалды.

– 2022 жыл тамыз-қыркүйек ақпараттық түсіндірме жұмыстары 8 офлайн, 3 онлайн кездесу, 546 адам қамтылды, толық орындалды.

– 2022 жыл тамыз-қыркүйек жастарға шағын гранттар беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру: Шағын Гранттар беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу, конкурс туралы ережені және іріктеу критерийлерін әзірлеу және бекіту, Әлеуметтік жобаларды іске асыруға арналған шағын гранттарды іске асыру жөніндегі конкурстың ережесін әзірлеу үшін мүдделі мемлекеттік құрылымдармен және басқа да ұйымдармен меморандум жасасу, шағын гранттар алуға үміткер жастарға консультациялар беру, Конкурсдық комиссияның құрамын қалыптастыру, конкурсдық комиссияның отырысын өткізу және шағын гранттардың жеңімпаздарын анықтау, Қатысушылардың мәртебесін тиісті құжаттармен растау. Гранттық конкурсқа 175 өтінім түсті. Толығымен орындалды.

– 2022 жыл 11 қараша - 18 қараша шағын гранттардың іске асырылуына мониторинг жүргізілді.

– 2022 жыл 25 қараша «Үздік тәжірибелер» форумы, 150-ден астам қатысушы, толығымен орындалды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жобаның мақсаттары:

Маңғыстау облысы аумағында әлеуметтік жобаларды акселерациялау бағдарламасы арқылы жастарды азаматтық бастамаларға тарту, мақсатқа орындалды;

Жастар бастамаларын қолдау – мақсат орындалды.

Жоба нәтижелері:

1. 500 000 теңгеге дейінгі сомаға 40 шағын грант беруге шарт жасасу, нәтижеге қол жеткізілді.

Жалпы (тікелей) қамту - 100 адам (шағын грант алушылар, жастар ұйымдары, бастамашыл топтар) нәтижеге қол жеткізілді.

Ақпараттық қамту-5 мыңнан астам адам, нәтижеге қол жеткізілді.

Конкурс кезеңінде жастарды түсіндіру кездесулерімен қамту-кемінде 8 кездесу, 500 адам, 5 кеңесші, нәтижеге қол жеткізілді.

Шағын гранттар шеңберінде, қызмет алушыларды қамту-кемінде 1 000 адам, нәтижеге қол жеткізілді.

2. Жоба қатысушыларының онлайн оқудан өтуі, нәтижеге қол жеткізілді.

3. Жобаға қатысушыларға консультациялық қолдау көрсету үшін кемінде 5 консультант тартылады, нәтижеге қол жеткізілді.

4. Жоба түлектерінің базасы дайындалады, нәтижеге қол жеткізілді.

5. Маңғыстау облысында жастарының өзара іс-қимыл және оқыту бойынша сарапшылардың кәсіби желісі құрылады, нәтижеге қол жеткізілді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (*фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету*):

Жастар бастамаларын қолдау. Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін практикалық қызығушылық пен маңызға ие жастар идеялары мен жобаларын анықтау және қолдау. Әлеуметтік және кәсіби бағдарлау бойынша жаңа білім мен дағдыларды игеру.

Жоба шеңберінде ашық конкурстық іріктеу негізінде әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыру үшін 40 жас қамтылды. Онлайн режимде шағын гранттар конкурсын өткізу барлық жастар топтарына жеңімпаз болуға тең мүмкіндік берді.

Облыс аудандарында жастар және бастамашыл топтар үшін 11 ақпараттық түсіндіру кездесуі өткізілді. Іске асырылған 40 шағын грант шеңберінде жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру дағдыларын игеру, 5000ға жуық адамға арналған тегін әлеуметтік көмек түрінде әлеуметтік қолдауға жағдайлар жасалған.

40 жастар жобасы және олардың авторлары туралы электрондық деректер банкі, оның ішінде жобалардың жетістіктерін сипаттайтын онлайн каталог құрылды. Өзірленген оқыту бағдарламасы бойынша 40 шағын грант иегерлерінде өмірлік маңызды дағдыларды, жұмысқа орналасу дағдыларын және т.б. дамыту бойынша офлайн (1 Күн) және онлайн (1 Күн) режимінде тренингтер өткізілді;

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Жоспарланған нәтижелер алынған нәтижелерге сәйкес келеді;

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (*жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі*):

Жобаны іске асырғанға дейін өңірде Жастар бастамаларын қолдау жөніндегі бағдарламалар болған жоқ, іске асыру қорытындысы бойынша Маңғыстау облысында 2024 жылға жергілікті бюджеттен шағын гранттарды қаржыландыру жобасы да жоспарланған. 40 грант алушы жастар әлеуметтік жобаларды іске асыруға және оларды әрі қарай да жалғастыруға мүмкіндік алды.

2. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жастардың 40 әлеуметтік бастамасы 500000 теңге көлемінде қаржыландырылды: жоба бойынша Ақтау қаласының жастары 12 жобаны, Жаңаөзен қаласы 4, Мұнайлы ауданы 6, Түпқараған ауданы 4, Қарақия ауданы 5, Маңғыстау ауданы 3, Бейнеу ауданы жастары 6 жобаны жүзеге асыруда.

Сонымен қоса, 6 үкіметтік емес ұйым шағын грант иегері болып, жұмыстанып жатыр. Тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетуға ауылдың әлеуметтік мәселесін шешу мақсатында 5000ға жуық ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсетілуде. Мақсатты топтар үшін әртүрлі форматтағы 245 іс-шара өткізілді. БАҚ-та (ТВ, газеттер, әлеуметтік желілер) шағын гранттарды іске асыру туралы 127 ақпараттық материал шықты.

Оқыту тренингтері аясында шағын грант иегерлері:

- жобалық тәсіл және жобаны іске асыруды жоспарлау дағдыларын алды;
- іс-шараларды ұйымдастыру және мақсатты топпен өзара іс-қимыл жасау дағдыларын дамыта алды;
- кәсіби желіні дамыту мүмкіндіктерін зерттеді;

- жұмыс іздеу кезінде өз басымдықтарын білдік;
- бос орынға жауап ретінде бос жұмыс орны туралы хабарландыру және өз түйіндемелерін құрастырды;
- әңгімелесу процесі мен тәжірибесімен танысты;
- жұмыс тобының ішінде қандай үміттер болуы мүмкін екенін және бұл жұмыстың қанағаттануына қалай әсер ететінін түсіндіңіз;
- стрессті жеңуді үйренді;
- өз құндылықтарын бағалау құралдарын зерттедік;
- өмірдің жеке және кәсіби салаларының даму деңгейін анықтауды үйренді;
- оқу бағдарламасын аяқтағаннан кейінгі алғашқы қадамдарды жоспарладық.;

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы *(жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу)*:

Шағын гранттың 40 иегері шағын гранттар шеңберінде сатып алынған материалдық-техникалық базаны пайдалана отырып, іске асырылған жоба негізінде өз кәсібін дамыта отырып, тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетуге, белгілі бір әлеуметтік мәселені шешуге, сондай-ақ өмірлік маңызды дағдылар мен жұмысқа орналасу дағдылары бойынша өткен оқыту негізінде одан әрі жұмыспен қамту үшін мүмкіндік алды.

Шағын гранттармен қамтылған жастар жеке қасиеттерін дамыту үшін жаңа дағдылар мен білім алды, соның ішінде еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырды.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жоба жастар үшін сұранысқа ие болады, өйткені Маңғыстау облысының барлық халқының үштен бірі жастар, оның ішінде 7.5% NEET санатындағы жастар. Сонымен қатар, шағын грант иегерлері қазіргі экономикалық жағдайда шағын грант сомасы тұрақты шағын жобаны іске асыру үшін өте аз екенін атап өтті. Қиындықтарға қарамастан шағын гранттарды қаржыландыру, барлық жобалар сәтті аяқталды

Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

Гендерлік көрсеткіш											
Жобаға қатысушылар саны, барлығы						Ерлер			Әйелдер		
40						18			22		
Санаттары бойынша әлеуметтік мәртебесі											
Жобаға қатысушылар саны, барлығы	Балалар	оның ішінде мүгедектігі бар -балалар	Жастар	Мемлекеттік қызметшілер	Бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлері	Мүгедектігі бар адамдар	Ересек жастағы адамдар (50 жастағы және одан асқан).	оның ішінде;			
								Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес секторының өкілдері	Басқа да санаттар
40			34						6		
возрастной показатель:											
жас ерекшелігінің көрсеткіші					13-16 жастағы	17-22 жастағы	23-27 жастағы	28-32 жастағы	33-45 жастағы	46-58 жастағы	59 жастағы және ол жастан асқан
40						6	28		6		

Үкіметтік емес ұйым туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

“Қолдау” орталығы” жеке меншік мекемесі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Елеусинова Милана Аминовна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Маңғыстау облысы,

Түпқараған ауданы,

Форт-Шевченко қаласы,

Н.Оңғалбайұлы көшесі, №3 үй

Эл пошта: eleusinova-milana@mail.ru

Ұялы тел: 87029039168

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Маңғыстау жастары» жастар интернет телеарнасының қызметін ұйымдастыру және www.mangystauzhastary.kz интернет порталын ақпараттық сүйемелдеу»

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

1 тамыз, 2022 жыл - 31 желтоқсан, 2022 жыл

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

8 994 000 (Сегіз миллион тоғыз жүз тоқсан төрт мың) теңге

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған элеуметтік жобала туралы мәліметтер

Элеуметтік жобаның атауы: «Маңғыстау жастары» Жастар интернет телеарнасының қызметін ұйымдастыру және www.mangystauzhastary.kz интернет порталын ақпараттық сүйемелдеу»

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, элеуметтік жобаның, элеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат

Элеуметтік жобаны, элеуметтік бағдарламаны іске асыру мақсатында бірқатар міндеттер қойылып, міндеттер аясында нақты көрсеткіштерге негізделген іс-шаралар жүзеге асты. Алдымен, жастар саланың өзекті мәселелері бойынша халықтың сауаттылық деңгейін арттыру, халықты ақпараттандыру көзделді.

Сонымен қатар, жоба аясында халық жастар саясатының дамуымен таныстырылуы жоспарланды. Халыққа жастардың қоғамдағы орны мен рөлі, жастар саласындағы кейбір мәселелерді шешуге қоғамның көзқарасын қалыптастыру қажеттігі туралы ақпарат берілуі көзделді.

Бұл іс-шаралар 2022 жылдың тамыз-желтоқсан айларының аралығында үздіксіз және тұрақты негізде жүзеге асты. Аталған іс-шаралар аясында айына кем дегенде 40 материал жариялау, оның ішінде: 20 жаңалық, 10 мақала, 5 сұхбат жариялау, сонымен қатар, 3 инфографика, кемінде 2 бейнематериал дайындау, интернет-портал арқылы кемінде айына 5000 көрерменді қамту жүзеге асты.

Аталған көрсеткіштер әр ай сайын бірнеше есеге артығымен орындалып, көздеген межеге толықтай қол жеткізілді.

Бұған қоса, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру шеңберінде ақпараттық айдарларды өткізу студиясы мен брифингтер өткізу алаңын қамтитын жастар медиа орталығын құру жоспары аясында арнайы құрал-жабдықтармен жасақталған 1 студия дайындалып, кемінде 5 ақпараттық-танымдық айдарлар ашылды.

Маңғыстау облысы тұрғындарын Маңғыстаудағы және оның шалғай ауылдарындағы жас көшбасшыларымен, дарынды, талантты жастармен таныстыру мақсатындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу үшін элеуметтік желілерде айына кем дегенде 30 жарияланым тұрақты түрде жарияланып отырды. Сайтта 1 бас редактор, 2 журналист, 1 монтажер-бейнеоператор, 1 фотооператор, 1 дизайнер, 1 web-редактор қызмет атқарды. Сонымен қатар, тұрғындар үшін «www.mangystauzhastary.kz» интернет-порталының жұмысына тәулік бойы қолдау көрсету жүзеге асырылды.

Маңғыстау облысы тұрғындарына ыңғайлы болу үшін сайт жастар тақырыбы бойынша іздеу жүйелерінің (Google, Yandex, Mail.ru) және элеуметтік желілердің алдыңғы қатарларына көтерілді. Сайт оқырмандарын арттыру мақсатындағы жұмыстардың нәтижесі ретінде тікелей қамту – 1500 адамға, жанама қамту - 17000 адамға жеткізілді.

1) Элеуметтік жобаның, элеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жүзеге асырылған жобаға жастардың кәсіби медиа құзыреттерін дамыту, жастардың ақпараттық алаңына жаңа медиа тетіктерін енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру мақсаты қойылған болатын.

Аталған мақсатты іске асыру аясында алдымен, Маңғыстау жастарына ортақ ақпарат алаңы пайда болды. Жастар қоғамдағы жастарға байланысты барлық жаңалықты, бастамалар мен жастар саясатындағы өзгерістерді аталған сайттан алып отырды.

Сайттан сонымен қатар, белсенді замандастарын танып, олардың жаңалықтарымен, бастамаларымен жақынырақ танысты. Жоба жүзеге асу барысында қаралым саны артып, өсім 50%-ды құрады. Сайт арқылы жастар тақырыбында жазатын жас тілшілер мектебі қалыптасты.

Аталған сайт жұмысы Facebook, Instagram, YouTube әлеуметтік желілері мен интернет алаңдары арқылы жарықтандырылып, өз оқырмандарын көбейтті. Сайт арқылы жастар мемлекеттік саясатқа етене араласуға мүмкіндік алды.

Маңғыстау жастары жастар саясатында жасалып жатқан жұмыстар мен шараларға қатыса отырып, конкурстар мен форумдарға қатысуға мүмкіндік алды, ақпарат алу мүмкіндігі кеңейді.

Жоба нәтижесінде облыстың әр түкпіріндегі талантты жастар қоғамға белгілі болып, насихатталды. Жастардың қоғамдағы оң имиджі қалыптасып, жастардың кәсіби медиа күзiреттiлiгi айтарлықтай дамыды.

2) Мақсатқа қол жеткізу (**фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету**):

Жастар саясатының өзекті мәселелері бойынша халықтың сауаттылық деңгейін арттыру, халықты ақпараттандыру; Халық жастар саясатының дамуымен таныстырылды.

Халыққа жастардың қоғамдағы орны мен рөлі, жастар саласындағы кейбір мәселелерді шешуге қоғамның көзқарасын қалыптастыру қажеттігі туралы ақпараттардан тамыз – желтоқсан аралығында ай сайын материал санын 40 –тан кем қылмай, оның ішінде жаңалық -20, мақала -10, сұхбат -5, инфографика -3, видеоматериал -2, көрермен 5000 болу керек болса, бұл міндет аясында жоба барысында тамыз-желтоқсан айлары аралығында барлығы 621 материал ұсынылды, 37 – инфографика, 383 – жаңалықтар, 34 танымдық материалдар, «Өзге пайым» айдарында 13 жарияланым жарияланып, 62 көшбасшы танылды. Жастар саясаты бойынша 88 материал жарық көріп, 41 жобалар бойынша ақпараттар ұсынылды.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Жоба аясында жоспарланған нәтижелер мен қол жеткізген нәтижелердің сәйкестігі байқалды. Жоспардан ауытқушылық орын алған жоқ. Керісінше, жоспарланған межеден артық нәтижелерге қол жеткізу фактілері басым.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (**жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі**):

Жобаға дейін интернет-порталдың жалпы қорында 26 материал болды.

Жоба аяқталғаннан кейін интернет-порталдың жалпы қорындағы материал саны 630 материалды құрады.

Жобаға дейін 4 айдар жұмыс істеді.

Жоба аяқталғаннан кейін сайт айдарларының саны 7 айдарды құрады.

Жобаға дейін интернет-портал тарапынан ешбір статистикалық инфографикаға жарық көрмеген.

Жоба аяқталғаннан кейін жастардың статистикалық мәліметтерінен құралған инфографикалардың саны 37-ні құрады.

Жобаға дейін сайтта арнайы YouTube телеарна пайда болмаған.

Жоба аяқталғаннан кейін арнайы YouTube телеарна іске қосылып, оған 42 бейнетүсірілім жүктелді. Олардың жалпы саны 8 066 (сегіз мың алпыс алты) көрілімді құрады.

Жобаға дейін арнайы интернет-ресурс Google, Yandex, Mail.ru іздеу жүйелерінде мүлдем көрініс бермеді.

Жоба аяқталғаннан кейін аталған іздеу жүйелерінде интернет-ресурс алдыңғы қатардан көрінді. Бұған қоса, интернет-ресурс жариялаған материалдарды өзге де республикалық сайттар авторлық құқықты сақтай отырып, пайдаланды.

Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

Гендерлік көрсеткіш											
<i>Жобаға қатысушылар саны, барлығы</i>						<i>Ерлер</i>			<i>Әйелдер</i>		
5000						1600			3400		
Санаттары бойынша әлеуметтік мәртебесі											
Жобаға қатысушылар саны, барлығы	Балалар	оның ішінде мүгедектігі бар -балалар	Жастар	Мемлекеттік қызметшілер	Бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлері	Мүгедектігі бар адамдар	Ересек жастағы адамдар (50 жастағы және одан асқан).	<i>оның ішінде;</i>			
								Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес секторының өкілдері	Басқа да санаттар
5000	300	50	3500	900	2500	100	1200	120	210	70	800
Жас көрсеткіші:											
жас ерекшелігінің көрсеткіші					13-16 жастағы	17-22 жастағы	23-27 жастағы	28-32 жастағы	33-45 жастағы	46-58 жастағы	59 жастағы және ол жастан асқан
5000					300	1500	1700	500	400	370	230

Үкіметтік емес ұйым туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Ержан Манарбек Манепханұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 31Б ш/а, 15 үй

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

Өңірдегі жастар ұйымдары басшыларының кәсіби құзыреттерін олардың тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыру арқылы дамыту

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

тамыз-қараша 2022 жылы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

8 688 408 тенге

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобала туралы мәліметтер

Әлеуметтік жобаның атауы: Жастар ұйымдарының көшбасшылары үшін ТМД елдеріне тағылымдамалар

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат

Тағылымдамаға қатысушы үміткерлерді анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту міндетін орындау үшін өңірдегі белсенді жас азаматтардың (жастар ұйымдарының жетекшілері, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының мүшелері, жастар қызметкерлері, жас қоғамдық көшбасшылар, жас мамандар, жас депутаттар, жас саяси белсенділер, волонтерлер) арасында тағылымдамадан өту мүмкіндігі жөнінде кешенді ақпараттық жұмыстарды ұйымдастырылды. Тағылымдамадан өтуге арналған ашық конкурс жарияланды, қосымша қоғам тарапынан ұсынылған үміткерлер де конкурсқа шақырылды.

Конкурс Ережесі www.mangystauzhashtary.kz сайтында жарияланып, тағылымдамаға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау beken.zhashtary@gmail.com электронды мекен-жайы және қағаз күйінде қабылдау арқылы жүргізілді және жобалық топ техникалық іріктеу ұйымдастырды. Техникалық іріктеуден өткен үміткерлер конкурстық іріктеуге жолдама алды.

Жоба аясында 24 тамыз – 7 қазан аралығында өңірдегі ең ауқымды жастарға арналған шетелдік тағылымдамадан өту мүмкіндігін беретін байқау жарияланды. Байқауға 101 өтінім түсіп, байқау Ережесіне сәйкес келген және өтінімді толық толтырған 50 жас конкурстық кезеңге жолдама алды.

Конкурстық іріктеуден өткен үміткерлер Конкурстық комиссия мүшелеріне өзі және қоғамдық қызметтегі жетістіктері, жүзеге асырған жобалары туралы таныстырылым жасады. 12-13 қазан комиссия мүшелері үміткерлермен сұхбаттасып, өтінімдерді қарап, олардың қоғамдық қызметі мен жетістіктерін бағалады.

Комиссия мүшелері қатысушылардың байқау талаптарына толық сәйкес келуі, топ басқаруда тәжірибесінің болуы, қоғамдық қызметте жетістіктерінің болуы, әлеуметтік немесе әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған инновациялық жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесінің болуы, үміткердің байқауға қатысудағы мотивациясы бойынша саралады.

Байқау комиссиясының шешімімен Ұлмекен Жарасбаева, Нұрсұлтан Мұрзабек, Анар Қатаева, Алмаз Дошаев, Гүлмайса Шаңбаева жеңімпаз атанды. Сондай-ақ жеңімпаздар қатарында Нұрлан Нараддинов, Данияр Амангелдиев, Гауһар Шамқұлова және Нұрлан Қуанышбай, Алдияр Төлеуов жеңімпаз болып танылды.

Байқау нәтижесінен соң Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Ұлықбек Тналиев, Маңғыстау облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Батырхан Қуанышбеков және облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Абылай Фазылбек Қырғызстан мен Грузияға баратын жастармен кездесті.

Шара аясында «Бекен» жас көшбасшылар достастығының жетекшісі облыс әкімінің орынбасарына тағылымдаманың негізгі мақсатын айтып, жеңімпаз 10 жасты таныстырды. Сондай-ақ Қырғызстан мен Грузияға арналған тағылымдама жоспарымен бөлісті. Ұйымдастырушылар тарапынан жеңімпаздарға арнайы box-қорабы (имидждік өнімдер) табысталды.

Жастар ұйымдарының жетекшілері үшін ТМД елдеріндегі ҮЕҰ-ына және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарына тағылымдамалар ұйымдастыру міндетін орындау

үшін жобалық топ азаматтық қоғам институттары дамыған, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда және мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы байланыс нәтижесінде айтарлықтай жетістікке жеткен ТМД елдеріндегі (Тапсырыс берушінің келісімімен қордың серіктестері Қырғызстан Республикасы, Грузия Республикасы,) ҰЕҰ-нда және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарында үш күндік сапар ұйымдастыру бойынша дайындық жұмысын жүргізді.

Жобалық топ үш жақты (қатысушы-ұйымдастырушы-серіктес) келісім негізінде Тапсырыс берушінің келісімімен Қырғызстан Республикасында сапарды ұйымдастыру бойынша келісімге келді.

Байқаудың 5 жеңімпазы қазан айының 12-15 күндері аралығында Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласында, қараша айының 1-5 күндері Грузия Республикасы, Тбилиси қаласында тағылымдамадан өтіп, барлығы 18 үкіметтік емес ұйымдардың, жастар ұйымдары мен әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарымен танысты.

Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтады.

Медиа маман қордың және инфлюенсерлердің парақшалары, www.mangystauzhastary.kz сайты үшін жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтерді монтаждап, тұрақты түрде жариялап отырды.

Тағылымдамаға қатысушы делегаттармен кері байланыс орнату құралы ретінде олардың жеке парақшаларында ақпараттық жазбалар (тағылымдама барысы, тәжірибесі мен білімі туралы) жарияланды.

Жобалық топ тағылымдамадан өтуші – делегаттардың сұрақтары мен туындаған мәселелері бойынша онлайн және офлайн тұрақты байланыс орнатты.

Контент жоспарға сәйкес қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында өңірдегі жастар ұйымдарының жетекшілері туралы ақпарат беретін «Біздің көшбасшылар» айдары, тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алған жастар туралы «Біздің жеңімпаздар» айдары, халықаралық тәжірибе алмасу және білім беру бағдарламалары мен іс-шаралары туралы «Жастарға мүмкіндік» айдары іске қосылды.

Өңірдегі мансаптық өсуге ынталы, кәсіби дағдылар мен басқарушылық құзыреттерді дамытудың жоғары деңгейіне ие қазіргі заманғы және тиімді жас көшбасшылардың пулын қалыптастыру міндетін орындау үшін қор тағылымдамадан өткен жастар ұйымдарының жетекшілерінен, өңірдегі белсенді жас азаматтардың, қоғамдық пікір көшбасшыларынан құрылған «Жас көшбасшылар клубын» құрды және жұмысын жүргізді.

Тағылымдамадан өткен жастар ұйымдарының жетекшілерінен, өңірдегі белсенді жас азаматтардың, қоғамдық пікір көшбасшыларынан құрылған топ Ақтау қаласындағы, Мұнайлы және Қарақия аудандағы белсенді жастармен кездесіп, қоғамдық қызметтегі жетістігі мен мемлекеттік қолдау тетіктері жөнінде ақпаратпен бөлісті. Ақтау қаласындағы 6 кәсіптік арнаулы оқу-орнын қамтыған кездесуге 100-ден астам жас қатысты.

Сонымен қатар, клуб мүшесі Фатима Салқынбаева өңірдегі жастар ұйымдарының, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының, волонтерлік ұйымдарының белсенділеріне арналған «Көшбасшылық: түсінік пен тәжірибе» тақырыбында оқыту бағдарламасын ұйымдастырды.

Жоба тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін аталған клуб Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы жанынан құрылып, кезекті немесе клуб мүшелерінің ұсынысымен кезектен тыс жұмыс отырыстары ұйымдастырылады.

Отырыста көшбасшылар аймақтағы мемлекеттік жастар саясаты саласының жай-күйін, жастар арасындағы мәселелерді, сонымен қатар өкілетті органдарға қатысты ұсыныстарды талқылайды. Клуб отырысының қорытындысы бойынша хаттама жасақталады.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

- Өңірде алғаш рет жастар арасында шетелдік тағылымдамадан өту бойынша ашық конкурс өтіп, қоғамдық жұмыспен айналысып жүрген жас азаматтарды ынталандырудың жаңа құралы пайда болды;
- Өңірдегі жастар ұйымдарының 10 жетекшісі Грузия және Қырғыз Республикасында үш күндік тағылымдамадан өтті;
- Өңірдегі 10 ҰЕҰ шетелдік әріптестерімен серіктестік орнатып, тәжірибе алмасты;
- Өңірде жастар арасында беделді, танымалдылыққа ие, кәсіби білікті жастардан тұратын көшбасшылар қауымдастығы қалыптасты.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Тапсырыс беруші белгілеген өңірдегі жастар ұйымдары басшыларының кәсіби құзыреттерін олардың тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыру арқылы дамыту мақсатын жобалық топ толық орындады. Жоба өтініміне сәйкес өңірдегі 10 жас көшбасшы Қырғызстан мен Грузия Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдардың, волонтерлік және қайырымдылық ұйымдарының, әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының және креатив орталықтарының, заманауи кеңістіктердің қызметімен танысты. Барлығы 18 ұйымның қызметі мен үздік тәжірибелерімен танысқан жас көшбасшылар шетелдік әріптестерімен серіктестік орнатты.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі, егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Жоба аясында жоспарланған нәтижелер мен қол жеткізген нәтижелердің сәйкестігі байқалды. Жоспардан ауытқушылық орын алған жоқ. Керісінше, жоспарланған межеден артық нәтижелерге қол жеткізу фактілері басым.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу:

Жобаға өтінім тапсыру барысында «Бекен» жас көшбасшылар достастығы Маңғыстау жастарының қажеттілігін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізді. Әлеуметтік зерттеуге облыс бойынша 398 респондент (сенім интервалы 95%) қатысты, оның 55%-ы әйел (219 адам), 45,5%-ы (181 адам) ер адам.

Сауалнамаға қатысқан жастардың 52,8%-ы мемлекет жастарға толық қолдау көрсете алмай отыр десе, 39,4%-ы кейбір қиындыққа қарамастан, жастардың өзін-өзі дамытуына мүмкіндік бар деп жауап берген. 34,9%-ы қоғамдық жұмыстар жастардың өзін-өзі көрсетуіне әсер етеді деп жауап берген, алайда 89,7%-ы қоғамдық белсенділігі кезінде шетелдік тәжірибе алмасу алаңдарына қатысып көрмеген. Жастардың 38,4%-ы ерікті түрде жастар ұйымдарының шарасына қатысқан, 64,9%-ы жастар ұйымдары білім беру бағытындағы жобаларды жүзеге асыруға басымдық беру керек деп көрсеткен.

Жоғарыда көрсетілген деректер – Маңғыстау облысында жастар ұйымдарына олардың қызметіне консультативтік, ақпараттық және әкімшілік қолдау көрсету, жастар арасында беделге ие, белсенді әрі білімді жас қоғамдық пікір көшбасшыларына қалыптастыру арқылы қоғамдық қызметпен айналысуды насихаттау, қоғамдық ұйымдардың мүмкіндігі мен әлеуетін арттыру мақсатында отандық немесе шетелдік тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді.

Жоба қорытындысы бойынша өңірдегі қоғамдық қызметпен айналысып жүрген жас азаматтарды ынталандыру құралы пайда болды. Аймақта жастар ұйымдарының беделі артып, жас көшбасшылардың пулы қалыптасты.

Өңірдегі 10 жас мемлекеттің тікелей қолдауымен шетелдік тағылымдамадан өтуге, шетелдік әріптестік орнатуға мүмкіндік алды. Тағылымдамадан өтушілер шетелдік тәжірибені өңірге әкеліп, қоғамдық ұйым ашуға ниетті екенін жеткізді.

Тағылымдамаға қатысушы Ұлмекен Жарасбаева: «Тағылымдамадағы «Дадари», «Бабале» ерекше жандарды қызмет түрлерімен қамтып отырған кәсіпкерлік нысандарының маған қатты әсер еткені сол, алдағы уақытта ерекше балалардың ата – аналарына қолдау көрсете отырып, ерекше білім беру мен күтімді қажет ететін балаларға білім беріп қана қоймай, қандай да бір қызмет түрімен қамтитын үкіметтік емес ұйым ашамын деген тоқтамға келдім.

Мен мұғалім ретінде бір мектептің ішінде шектеліп, қалып қана қоймай, қоғамда, толықтай дерлік қоғамға қызмет ету қажет екенімді ұққандай болдым. Креативті, ерекше идеялы, ізденімпаз, талапшыл, сөзі өтімді біздей жастар тұрғандай бір шектеулі жерде қызмет еткеніміз қате екенін түсіндіргендей болды...» Байланыс телефоны: 87782773112

2. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында *(сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып)* алған нақты нәтижелері:

Жоба аясында 18-28 жас аралығындағы Маңғыстаулық жастар арасында ең ауқымды байқау жарияланып, шетелдік тағылымдамадан өтуге 101 жас үміткер болды. Техникалық іріктеуден өткен 50 көшбасшы, конкурстық комиссия алдында таныстырылым жасап, білікті мамандардың кеңесін алды. Жоба нәтижесі бойынша 10 жас 2 елде тағылымдамадан өтіп, 18 ұйымның қызметімен танысты.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақ мерзімді ықпалы *(жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу)*:

Орталықтан шалғай орналасқан Маңғыстау облысының жастарының шетелдік сапарға шығып, өзге елдің қоғамдық-саяси ахуалымен танысуы – «протестік көңіл-күйі» басым өңір жастарының көкжиегін кеңейтіп, еліміздегі әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістерге қатысты оң пікір қалыптастыруға септігін тигізді.

Сонымен қатар, тағылымдамадан өтушілердің азаматтық қоғам өкілдерінің әлеуеті жөнінде пікірі қалыптасып, аталған салаға қатысты қызығушылығы пайда болды. Бұл өз кезегінде өңірде жастар ұйымдары пайда болып, жастарға арналған әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуына жол ашады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері: Жастар ұйымдары басшыларының тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби құзыреттерін дамыту

Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

Гендерлік көрсеткіш											
Жобаға қатысушылар саны, барлығы						Ерлер			Әйелдер		
326						133			193		
Санаттары бойынша әлеуметтік мәртебесі											
Жобаға қатысушылар саны, барлығы	Балалар	оның ішінде мүгедектігі бар -балалар	Жастар	Мемлекеттік қызметшілер	Бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлері	Мүгедектігі бар адамдар	Ересек жастағы адамдар (50 жастағы және одан асқан).	оның ішінде;			
								Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес секторының өкілдері	Басқа да санаттар
326	-	-	263	4	31	-	-	8	9	11	-
возрастной показатель:											
жас ерекшелігінің көрсеткіші					13-16 жастағы	17-22 жастағы	23-27 жастағы	28-32 жастағы	33-45 жастағы	46-58 жастағы	59 жастағы және ол жастан асқан
326					-	281	40	5	-	-	-